

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»

(ересек, ортаңғы тобы)

Өткізген: Топ тәобиешілері

2023-2024 оқу жылы

*Мекеніңді
жүз*
Тақырыбы: «Қарттарыым - асыл қазынам!» **Күні:** 30.09.2022жыл

Мақсаты: Балалардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата-бабасын ұмытпай және ата-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Мерекеніз құтты болсын ата, әже!

Көкіректен жыр төгілмей жата ма?

Зейнетіне жеттіңіздер өмірдің

Кеңеліп бір ілтипатты батаға

Қадірлі ата-әжелер бүгінгі күні біз сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Сіздер жас ұрпаққа әрқашан тқзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келесіздер.

Бүгінгі салтанатты мерекелеріңізбен құттықтау үшін, сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Г.Ж.Бекмурзинаға береміз.

Жүргізуші:

Асыл әжем, мақтанышым менінде

Қонақ болып отыр міне төрімде

Өзіңе арнап былай тәтті үніммен

Ән салатын кезім келді менінде

Хор: «Әжемнің шайы»

Жүргізуші:

Балалар әже деген қандай болады?

(Балаларға әже туралы сұрақ)

Ата көрген оқ жонар

Ана көрген тон пішер демекші Ортаға ата-әжелеріне арнап биші қыздар «Гүлдер» биін билеп береді. Қарсы алыңыздар!

Би: «Гүлдер»

Тамаша, қыздарымызға рахмет!

Ендеше кезекті балаларымыздың оздеріңізге арнаған өлең шумақтарымен ортаға шақырсак.

Іңкәр:

Қысылып еш саспандар

Кәнеки ән бастандар

Ата-әженің көңілін

Бір көтеріп тастандар!

Омарәли:

Гүл гүл жайнап бәрәмәз

Кірді біздің сәніміз

Қарттарымызды тойымен

Құттықтаймыз бәріміз

Раяна:

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз!

Кәусар:

Жаксы ісімізді мақтан қылып

Жамандықтан сақтандырып

Жүрген алтын ақ әжемді

Жүрсем деймін шаттандырып

Нұрасыл:

Нағашы әжем анамның анасы

Жиендердің ақылшысы санасы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсы алады нағашы

Жүргізуші:

Рахмет балалар, жарайсыңдар!

Күн нөсерін төгейік

Жырдан моншақ өрейік

Уа қонақтар ал енді

Әнге кезек берейік!

Хор: «Балабақша»

Ойын: «Даусынан таны»

Жүргізуші:

Баламның табанына кірген тікенек, менің менің мандайыма кірсінші дейтін әжелермен аталардан үлгі өнеге көріп келе жатқан кішкентай екрке тентектерімізді «Барабан» биімен ортаға шақырамыз.

Би «Барабаншылар»

Біздің кішкентай барабаншыларымызға үлкен рахмет!

Жүргізуші: Ортаға балаларымызды жыр шумақтармен шақырамыз.

Батырхан:

Ақ жаулықты әжемді

Ай нұрына теңедім

Әр ісінен үлгі алып

Еркін өсіп келемін!

Айназ:

Менің әжем жыр әжем

Шуағы мол нұр әжем

Ақ таяққа сүйеніп

Аман есен жүр әжем.

Нұржігіт:

Жадырамйын, жадырайын
Көңілденіп күлемін
Жанарма деп талабым
Ата ақылын тыңдаймын.

Иманнұр:

Мейірімді апалар
Балалар кеп бата алар
Қалтасына кәмпит сап
Немереге апарар

Медина:

Бесігіме бөлеп алып
Сен тербетсең қалғимын
Жүрегіме сіңіп жатыр
Сенің айтқан ақылдарың

Жүргізуші:

Рахмет кішкентай бүлдіршіндерге!
Күлімдеген көзіңнен
Айналайын ата жан!
Қандай үлкен сый бар бізге
Қзің берген батадан
Деп бүлдіршіндеріміз өздеріңізге арнап «Біз бақытты баламыз!» әнін
орындап береді.

Хор: «Біз бақытты баламыз!»

Жүргізуші:

Кеш соңында үлкен алғысымызды білдіре отырып, саналы ұрпағы бар елдің қариясы бақытты аксақалды ата-әжесі бар елдің балалары бақытты дегендей, асыл жандарымызға ұзақ ғұмыр, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық ылейміз!

Аппақ шашың күн сайын қалыңдаған

Зейнет емес бейнеттен арылмаған

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі

Қариялар өзінді ел сыйлаған дей келіп, мерекелік тәрбие сағатымызды аяқтай отыра, «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші үлкен атамыздан бата алсақ!

